

**Мұқажанова Р.М.**  
AlikhanBokeikhanUniversity  
Қазақстан, Семей  
e-mail: [raushan09@mail.ru](mailto:raushan09@mail.ru)

### **М.ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ӘДЕБИЕТІ**

**Аңдатпа:** Мұхтар Омарханұлы Әуезов – қазақтың ұлы жазушысы, ғалымы және қоғам қайраткері ретінде қырғыз әдебиетіне ерекше ықпал етіп, Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы мәдени қарым-қатынастарды нығайтуға үлкен үлес қосты.

Мұхтар Әуезов пен Шыңғыс Айтматов – ХХ ғасырдың ең көрнекті жазушылары. Олардың шығармашылығы тек қазақ пен қырғыз әдебиетіне ғана емес, әлемдік әдебиетке де айтарлықтай ықпал етті. «Әуезов өзінің шығармашылық өмірінде жас Айтматовқа тәлімгер рөлін атқарып, оған әдеби кеңесші болды» [1, 55-бет]. Бұл мақалада осы екі ұлы тұлғаның әдеби байланыстары, олардың мәдениетаралық өзара әрекеттестікке қосқан үлесі қарастырылады. Әуезовтің жас Айтматовқа тәлімгер ретіндегі рөлі, олардың достығы және бұл байланыстардың екі ел әдебиетіне қалай әсер еткені ерекше назарда.

**Тірек сөздер:** Мұхтар Әуезов, қырғыз әдебиеті, «Манас», Шыңғыс Айтматов, әдеби өзара іс-әрекет, эпос.

**Мукажанова Р.М.**  
Alikhan Bokeikhan University  
Казахстан, Семей  
e-mail: [raushan09@mail.ru](mailto:raushan09@mail.ru)

### **М. АУЭЗОВ И КЫРГЫЗСКАЯ ЛИТЕРАТУРА**

**Аннотация:** Мухтар Омарханович Ауэзов-великий казахский писатель, ученый и общественный деятель, оказавший особое влияние на кыргызскую литературу и внес большой вклад в укрепление культурных отношений между Казахстаном и Кыргызстаном.

Мухтар Ауэзов и Чингиз Айтматов – самые выдающиеся писатели ХХ века. Их творчество оказало значительное влияние не только на казахскую и кыргызскую литературу, но и на мировую. «В своей творческой жизни Ауэзов играл роль наставника молодого Айтматова и был для него литературным советником» [1, с. 55]. В данной статье рассматриваются литературные связи этих двух великих личностей, их вклад в межкультурное взаимодействие. Особое внимание уделяется роли Ауэзова как наставника молодого Айтматова, их дружба и тому, как эти связи повлияли на литературу двух стран.

**Ключевые слова:** Мухтар Ауэзов, кыргызская литература, «Манас», Чингиз Айтматов, литературное взаимодействие, эпос.

**Mukazhanova R.M.**  
Alikhan Bokeikhan University  
Kazakhstan, Semey  
e-mail: [raushan09@mail.ru](mailto:raushan09@mail.ru)

### **M. AUEZOV AND KYRGYZ LITERATURE**

**Abstract:** Mukhtar Omarkhanovich Auezov is a great Kazakh writer, scientist and public figure who had a special influence on Kyrgyz literature and made a great contribution to strengthening cultural relations between Kazakhstan and Kyrgyzstan.

Mukhtar Auezov and Chingiz Aitmatov are the most outstanding writers of the twentieth century. Their work has had a significant impact not only on Kazakh and Kyrgyz literature, but also on the world. «In his creative life, Auezov played the role of mentor to the young Aitmatov and was a literary adviser to him» [1, p. 55]. This article examines the literary connections of these two great personalities, their contribution to intercultural interaction. Special attention is paid to Auezov's role as a mentor to the young Aitmatov, their friendship and how these ties influenced the literature of the two countries.

**Keywords:** Mukhtar Auezov, Kyrgyz literature, «Manas», Chingiz Aitmatov, literary interaction, epic.

**Кіріспе.** М. Әуезовтің өміріндегі маңызды тақырыптардың бірі – «Манас» эпосын зерттеу. М. Әуезов «Манасты» қырғыз халқының ұлттық мұрасы ғана емес, әлемдік мәдени мұраның бір бөлігі ретінде бағалады. Оның зерттеулері эпостың құрылымы мен манасшылардың рөлін терең талдады. Сонымен қатар, Әуезовтің еңбектері эпостың әлемдік ғылыми қауымдастық үшін маңыздылығын күшейтті.

Әуезовтің қызметі арқылы Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы әдеби байланыстар күшейіп, оның зерттеулері мен қолдауы қырғыз әдебиетінің халықаралық деңгейде танылуына ықпал етті.

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің қырғыз әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі баға жетпес. Ол қазақ-қырғыз арасындағы мәдени байланысты нығайтуға елеулі еңбек сіңірді. Әуезов қырғыздың ұлы эпосы «Манасқа» терең зерттеулер жүргізіп, оның ғажайыптығын әлемге танытты. Бұл зерттеу оның тек қырғыз әдебиетіндегі ғана емес, бүкіл түркі халықтарының мәдени мұрасын сақтаудағы үлесін көрсетеді.

Әуезов «Манасты» жай зерттеуші ғана емес, оны насихаттаушы тұлға болды. Ол қырғыз манасшыларының дәстүрін зерттеп, оларды жазып алып, талдау жасаған. Әсіресе, Сағымбай Оразбақовтан «Манастың» толық нұсқасын жазып алғаны ерекше орын алады. Бұл еңбектер қырғыз әдебиетінің байлығын сақтауға зор ықпал етті. Мұхтар Әуезовтің қырғыз жазушыларымен, әсіресе Шыңғыс Айтматовпен шығармашылық байланысы да оның осы елдегі әдеби процестегі рөлін көрсетеді.

**Зерттеу әдістері.** Мақаланы жазу барысында материалдарды жинақтау және өңдеу үшін сұрыптау, талдау және жалпылау әдістері қолданылды. Алынған нәтижелерді нақтылау үшін зерттеу нәтижелерін қорытындылауда аналитикалық әдістер қолданылды: жинақтау, жүйелеу, жинақтау әдістері.

**Негізгі бөлім.** Әуезовтің қырғыз әдебиетіне қосқан үлесі тек «Манас»

эпосымен шектелмейді. Ол Шыңғыс Айтматов сияқты қырғыз жазушыларына қолдау көрсетіп, олардың шығармашылығына үлкен әсер етті. Айтматов Әуезов туралы былай дейді: «Әуезов мен үшін ұстаз болды, оның шығармашылық жолы мен үшін үлгі болды» [2, 102-бет].

Әуезов өзінің қазақ-қырғыз әдеби байланыстарын дамытуға қатысты еңбектерінде екі халықтың ортақ тарихи-мәдени тамырларына ерекше назар аударды. Ол екі ұлттың да дәстүрлерінің, дүниетанымының ұқсастықтарын көрсетіп, соларды әдеби тұрғыда аша білді. Сонымен қатар, оның еңбектерінде қырғыз халқының рухани құндылықтарына, олардың батырлық эпостарына деген үлкен құрмет байқалады.

Мұхтар Әуезов қырғыз жазушыларымен, өнер қайраткерлерімен тығыз байланыс орнатып, қырғыз мәдениеті мен әдебиетіне халықаралық аренада кеңінен танылуына ықпал етті. Әсіресе, оның Шыңғыс Айтматовпен тығыз достық қарым-қатынасы екі елдің әдебиетшілері арасындағы өзара ықпалдастықтың жаңа белесін ашты. Айтматов Әуезовтен шабыт алып, өз шығармаларында адамзаттық құндылықтарды тереңірек қозғауға тырысты.

Сонымен қатар, Әуезов қырғыз халқының тұрмыс-салтын, психологиясын және олардың өмір салтын өз шығармаларында шынайы бейнелей алды. Бұл қырғыз әдебиетіне тән реализм мен ұлттық ерекшеліктерді тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Оның бұл еңбектері қырғыз әдебиетін жаңа деңгейге көтеріп, оны халықаралық деңгейде танытуға үлес қосты.

Осылайша, Мұхтар Әуезов қырғыз әдебиетіне ғана емес, жалпы түркі әлеміне зор мұра қалдырған тұлға ретінде ерекше орын алады.

Мұхтар Әуезовтің қырғыз халқының әдеби мұраларына, әсіресе, олардың аңыздары мен фольклорына деген ерекше қызығушылығы байқалады. Ол қырғыз халқының бай рухани мәдениетіне тән эпикалық дәстүрлерді терең зерттеп, сол

дәстүрлерді қазақ және қырғыз әдебиеттерін дамыту барысында пайдалануға тырысты. Әуезов қырғыздың ұлттық рухын, еркіндік пен батырлықты суреттейтін туындыларды зерттей отырып, бұл құндылықтарды өз шығармашылығында да пайдаланды.

Әуезовтің қырғыз жазушылары мен ақындарына деген ықыласы да ерекше болды. Ол қырғыз әдебиетінің көрнекті өкілдерін қолдап, олардың шығармашылығына сын көзбен қарап, оларға бағыт-бағдар беріп отырды. Бұл әсіресе жас жазушылар үшін үлкен мотивация болды. Шыңғыс Айтматов сияқты қырғыз әдебиетінің көрнекті тұлғалары Әуезовтің ықпалы арқылы өздерін әлемдік аренада танытуға мүмкіндік алды.

Көлемі жағынан өзіне теңдесі жоқ, ғасырлар қойнауынан шыққан көне жыр. Ұлттың мақтанышы мен болмысының айғағы «Манас»- зерттеушілер, тарихшы, әдебиетшілер, саясаткерлер де шын мәнінде мойындап таңдай қағарлық әлемдік руханияттың мол қазынасы.

Бүгінгі оқырманына «Манас» ғасырлар тезінен тар жол, тайғақ кешуден өте жетті. Көне заманнан ауызша жырланып баба жыр құдіретті күшпен жетті десе де болғандай.

«Манастың» бүгінгі жеткен зерттеу биігіне қазақ ғалымдарының қосқан үлесі мол. Қысқа, жалт еткен ғұмырында өлшеусіз еңбек етіп, тыңнан түрен салып, сан мыңдаған зерттеулерге жол ашып беріп кеткен Шоқан Уәлиханов, «Шоқан және Манас» деген тақырыпты зерттеу авторы академик Әлкей Марғұлан, шоқантану ғылымына сүбелі үлес қосып, монографиялар жазған Шамшиябану Сәтпаева тағы басқа да қазақ зерттеушілері Манас тақырыбын еңбектерінде көп қозғаған. Ал Мұхтар Әуезов болса шын мәнінде «Манас» жырын зерттеуші ғана емес, жырдың бүгінгі таңға жетіп, зерттеліп, халықтың бай қазынасы болып отыруына өлшеусіз үлес қосқан тұлға.

М. Әуезовтің өміріндегі маңызды тақырыптардың бірі – «Манас» эпосын зерттеу болды. Әуезов «Манасты» қырғыз

халқының ұлттық мұрасы ғана емес, әлемдік мәдени мұраның бір бөлігі ретінде қарастырды. «Әуезовтің зерттеулері эпостың құрылымын, манасшылардың рөлін терең талдауға арналған және ол қырғыз мәдениетін әлемдік аренада танытуға ерекше ықпал етті» [3, 85-бет].

Мұхтар Әуезовтың әйгілі «Киргизский героический эпос «Манас» ғылыми еңбегі 1934 жылы жарияланады.

Манас жыры туралы кез келген қырғыз естіген, эпостың бар екендігінен хабардар, ел ішінде эпостың үзінділерін жатқа айтатындар көп. «Чон –Казат», «Көкетайдың асы», немесе «Семетей» үзінділерінің ел арасында өте көп таралғандығын айтады автор.

Эпос халыққа ғасырдан-ғасырға ақынның жеткізуі арқылы өтіп бүгінгі таңға келген. Кейбір жыршының суырып салмалық қасиеті жоғары болғандықтан, жаттаған үзіндіні түрлендіріп, өзгерте отыра айтса, кейбірі өзіне дейінгі жыршыдан жаттап алуы арқылы жеткізуі жырдың нұсқаларының әртүрлі болып келуіне әкеп соғады. Жыршылар эпос оқиғасының желісімен таныс болғандықтан, нақты мәтінді, сөзбе сөз есте толық сақтау қиын болғандықтан жанынан қосып сол оқиғаны түрлендіре баяндаған. Ал жыршы–баяндаушылар тылсым күш әсерінен, магиялық бір күштің барына сендіреді. Дегенмен де тыңдаушылар арасында жыршы – баяндаушылардың тылсым қасиеттері болғандығына кәміл сенетіндер қатары көп екендігін тілге тиек етеді автор.

Жыршы Сағымбай мен жазып алушының келісімімен поэма тақырыбына орай 10 циклға /томға/ бөлінген екен. Мағыналық жағына орай Әуезов жырды мынандай бөліктерге бөліп қарастырады; 1) Манастың дүниеге келуі мен балалық шағы; 2) «Қазатақ»шабуылы жөніндегі үлкен тақырыптар; 3) Манастың серігі, тегінде туыстығы болмаса да ағасы есептелетін Әлмәмбеттің келуі; 4) Қаныкейге құда түсу мен үйленуі; 5) Көкетайдың асы; 6) Көз-Қаман жайындағы үзінділер (Манастың туысы); 7) Жеті ханның Манасқа қарсы әрекеті; 8)

Манастың Меккеге баруы. Жырдың Сағымбай нұсқасы бойынша бөліктері осындай еді.

Жоғарыда аталған эпос бөліктерінің ішіндегі ең көлемдісі - «Казат». Мұнда тұрмыстық іс-ірекеттер, «ас», «үйлену» сынды, туыстар арасындағы мәселеге құрылған жырға орын берілген. Дегенмен де жырдың өн бойында батырдың һас бейнесі бар және жырдағы сол әлеуметтік жайлар оның бейнесін аша түсетіндей. Бұл жерде Манас өзінің батырлық әрекетімен елдің ризашылығына бөленген, батыл да беделді тұлға ретінде көрінеді. Шығарманың ешбір бөлігінде Манас қатыспай қалған жоқ, әр тұсында оған қатысты оқиғалар бар, ол әрекет ортасынан көрініп отырады. Тек қана «Доо перы жомықшы» атты үзіндіде ғана Манастың өзі емес, оның батырлары қатысады.

Эпостағы «Чон-казат» бөлігінде Манастың Бейбіт, бақытты өмір кешіп жатқан Манас елінің тұрмыс-жайы, аты бүткіл Азияға мәлімдігі, алыс жақын мемлекеттердің оның қаһарлы жорығынан сескенетіні баяндалады. Тек оны қабылдамай, Манастың хандығын мойындамай отырған қытай ғана. Эпостың осы бөлігінде Манас жорыққа шығатын уақытты жария етеді. Діттеген жеріне жеткенге дейін жырда Манас жорығының ұзақтығы, жолда кездескен қиындықтар баяндалады. Тіпті өткен жерлерінің ерекшелігі, аң мен құсы, табиғаты суреттеледі. Жырда жаудың келе жатқанынан хабардан етіп отыратын фантастикалық аң-құстар да бой көрсетеді. Кейде олар жануарлар, дәулер т.б. болып Манас әскеріне қауіп төндіріп отырады.

Бұл қиындықтарды оңай шешу мүмкін болмаған тұста, Әлмәмбет бас көтереді. Ол барлық тылсым күштердің тілін білді, қиындықтарға қарсы төтеп бере алды.

Эпоста үйлену тақырыбы кең баяндалады. Манастың төрт әйелінің үшеуі жорықта олжаға келгендер. Жеңіске жеткен жау әдетте жеңілген жауының қызына үйленіп, оның байлығына ие

болып қалады. Жары Қаныкей жырдағы ірі бейненің бірі. Ақылына көркі сай Қаныкей жырда әртүрлі мінезбен көрінеді, кейде жарына дос кей бір тұсында айлакер, әрекеті күмәнді.

Жырдың сюжеттік желісі оқиғаларға толы, әрекетке бай. Ал ішкі құрылымы, ішкі безендірілуі, поэтикалық техникасы, стилі жөнінде бірер сөз айтайық. Жазушы эпосты осы тұрғыдан талдағанда мән бере қараған тұстары көп. Әр эпизодты үзіндінің өткен оқиға мен келер айтылар мәселе арасында баланыс жоқ екендігін аңғарады. Кей тұста тұрмыстық немесе Манастың өзіне қатыссыз нәрсе айтыла келе тыңдаушы назарын қайта негізгі қаһарманға бұруда ерекше техниканы пайдаланады.

Аны таштап Салыңар,

Маанастан қабар алыңар, - яғни мұны қоя тұрыңдар, Манас қа келейік деп жыршылардың әңгіме ауанын батырдың жайына әр кез осылай бұрып отыратынын айтады.

Эпостағы эмоциялы сөздерді автор бөліп қараған: ақылдасу- жиында, әскери - Манастың аста сөйлеуі, қорқыта сөйлеу- жеті ханға қарата Манастың айтқаны, өкіне, қайғыра сөйлеу- тт.

Автор жырды әр қырынан талдай келе көркемдік ерекшелігінің жоғары, тарихи, құнды мұра екендігін дәлелдеуге тырысады. Зерттеуін қарытындылай келе: «Она требует коллективной, долгой работы многих лиц, как специалистов, так главным образом исследователей, из среды самих киргизских научных работников, для которых дух языка понятнее, ближе, чем кому то ни было» деп қорытады.

Мұхтар Әуезов Манас тақырыбын жиі қозғады, 1934 жылғы «Қазақ әдебиетінің» 30 қаңтардағы санында

«Қырғыз дастаны - Манас» деген тақырыпта жазылған мақаласында жазушы эпостың басылуы, орыс тілінде дастан жайында зерттеулер, тексерулер жасалу жайынан хабардар етеді. «Жиылыс осындай тексерудің бірінші тәжірибесі есебінде Мұхтар Әуезұлының еңбегімен танысты. Бұл кітапты мәжіліс тұңғыш зерттеу ретінде керекке жарайтын еңбек

деп танығандықтан тез арада басылып шығатын болды»,- дейді. Негізінде бұл еңбек 1934 жылы жазылып болған еді, Бұл мақала мәжіліс шешіміне арналып әзірленген. Алайда мақала осы мәжілістен соң да содан кейін де жарияланбады.

Мұхтар Әуезов Манас тақырыбына 1937, 1940, 1944, 1948, 1954 жылдары қайтара келіп, ғылыми тұжырымдарын жариялап отырған. Оның Манас тақырыбында жарияланған тағы бір еңбегі - «Ценные памятники киргизского и казахского фольклора» деп аталады. Мақала 1935 жылы «Труды Казахского института национальной культуры» жинағының 1-томына енген. Бұл мақала тағы қайтып жарияланбаған.

Әлмамбеттің айтуындағы «Манас жырының» 100 беттен тұратын қолжазбасы сақталған. Жазушы мұрағатындағы 184- папкада латын әрпімен жазылған нұсқаға үңілсек жазушының қолжазбаның әр тұсында белгілер қойып, сөздер жазып отырғандығын көреміз. Елу томдық шығармалар жинағына жинақтың қолжазба нұсқасындағыдай өзгеріссіз енгізілген.

Мұхтар Омарханұлы Манасты зерттеуі барысында қырғыз еліне көп барды. Жанына жақын достар тауып, зертеуінің шын мәнінде келелі дүниеге айналуы жолында аянбай еңбек етті. Қырғыз қоғам қайраткері, жазушы Зияш Бектенов: «1928-1929 жылдарда екі жылы ұдайы Фрунзеге келіп, біз оқып жатқан Борбордук Педтехникумының завучы, кейінгі директоры Базарқұл Данияровтың үйінде үш ай жатып «Манастың Сағымбай Оразбақұлының сөзінен жазылған вариантын зерттеп жүрді-дейді [4]. Зияш Бектенов жазушыны оның шығармалары арқылы таныды. Орта мектепте жүргенде «Еңлік кебек», «Айман-Шолпан», «Оқыған азамат», «Қаракөз» сынды шығармаларын кітаптан оқып, енді өз ауылдарында, көшеден арлы-берлі жүргеніне халық таңдана қараған. Не үшін келгенінен бейхабар жұрт түрлі жорамалдар жасағанын айтады. Держин көшесімен жүріп серуендегенде Балалар бірталай

жерге дейін артынан жүгіре еріп қалатын еді. Мұхтар Әуезовтің қырғыз елімен әдеби-ғылыми байланыс осылай басталған. Түрлі естеліктер де көп.

«Мұхтар Омарханович «Манас» эпосының қара сөз бенен жазған сюжетін оқып отырып, «Манастың төрөлүшү жана балалық чагы»-деген темасын көргенде, қырғыздың мына «төрөдө» деген сөзі қандай көркем сөз!? Бұл сөзді қазақта «туды» «ул тапты» дейді. Бұл сөзге қарағанда мына «төрөдө» деген сөз неғұрлым көркем емес пе, ә? «Төрөдө» деген сөзді қазақтың әдебиет тіліне кіргізсе, қандай әдемі болар еді,- дейді. Сол кезде Ташым Байжиев: Мұхтар Омарханович, сіз қазақша бір қызықты әңгіме жазып «төрөдө» деген сөзді қоссаңыз бұл сөз қазақтың әдебиет тіліне кіреді де қалады,- деп қалжындаған екен [5].

Мұхтар Әуезовтің қырғыз жазушыларымен етене жақын араласуы естеліктерден көп мәлім болып отырады.

1946-47 жылдары жазғы демалыс кезінде Мұхтар Әуезов қырғызстанда болып, Қырғыз филиалының фольклор және Манас секторының жұмысына белсене араласады. Манастың юбилейлік комитетіне жиі келіп Манас жөнінде жазылған ғылыми мақалаларды редакциялайды, әрі түрлі мәселелер бойынша әңгімелесіп, біздің берген сауалдарымызға жауап береді,- дейді, қырғыз ғалымы Ташым Байжиев. Оның ғылыми диссертациясы «Семетей» деген тақырыпта жазылып, ғылыми жетекшісі Мұхтар Әуезов болған еді.

«Манастың юбилейіне қарай 15 томдығын баспаға даярлау барысында Аалы Тоқымбаев, Түгөлбай Сыдықбеков, Кубанычбек Маликов, Ташым Байжиев, Мен, Өміркул Жакишев, Керим Сооронбав, Мукамбет Дөгдүров, кусейин Көлбаевтар редакторлары болып Мұхтар Әуезов, Кусейин Карасаев, Константин Юдахин, Виктор Жирмунский, Александр Бернштамдар он бес кісі істегенбіз»,- деп еске алады З. Бектенов. Қырғыз жазушыларының естелігіне сүйенсек іссапармен келетін «Абай романыны»

авторы, аты аңызға айнаған жазушы Мұхтар Әуезовты қонаққа шақырушылар көп еді, кім қонаққа шақырса да Мұхтар редколлегияда бірге қызмет еткен жаңа консультанттарды да ала барады,- дейді естеліктерінде.

«Манас» эпосы манасшылардан жазылып алынып, зерттеу жұмыстары жүріп, аудармалар жасалып жатты, 1934 жылдан бастап Мұхтар Әуезовтың да ғылыми еңбектері жарияланды. қырғыз ғалымдары да ұлттық мұраны зерттеу мен насихаттау барысында аянбай еңбек етіп жатты.

Бұған дейін қомақты зерттеу көрген, ғылыми тұрғыда талданып, насихатталып қалған Манастың 100 жылдық мерекесі 1947 жылы аталып өтілмек болып шешіледі. 1945 жылы Манас мерейтойын ұйымдастыру комитетінің төрағасы Искак Разақов, жауапты хатшы болып Т.Байжиев тағайындалады. Сағынбай Оразбақов мен Саяқбай Қаралаевтан жазылып алынған жыр баспаға дайындалды, З.Бекеновтың қарасөзбен жазылған «Манастың» мазмұны орыс тіліне аудару жоспарланды, яғни осы сынды қыруар жұмыстар жасалынды. ЦКВКП(б) идеология бөлімінің басшысы Ждановтың ғылым білім әдебиет пен искусство арқылы ұлтшылдардың он жылдан соң қайта көтеріліп жатқандығын мәлімдеген қанды мақаласы жарыққа шығып, лезде ел ішінде мазасыз күндер орын алады. Манастың да басына қара бұлт төнді. Манасты зерттеп жүрген зерттеушілер Бажиев пен Бекенов қамауға алынып, 10 жылға бас бостандығынан айыруға үкім шықты [6.21].

1952 жылы Фрунзеде «Манасқа» арналған бүкілодақтық конференция өтеді, оған Москва, Ленинград, Ташкент тағы басқа қаалардың ғалымдары және қырғыз әдебиетшілері де қатысады.

КСРО Ғылым академиясының президиумының басшылығымен өткізілген оған сол кездегі өлшем бойынша өте көп, төрт жүзден астам ғылыми және көркем творчество өкілдері қатынастырылды [7]. Қатысушылардың басымы «Манас» эпосы елдік емес, реакцияшыл, қырғыз елін теріс үгіттейтін жыр десе, енді бірі Мұхтар Әуезов, Болат Юнусалиев жырды негізгі жақтаушылар ретінде мінбеге шықты.

### **Қорытынды**

Ұзақ жылдар бойы терін төккен Манас жырының тағдыры қыл үстінде тұрған шағында аяулы жазушы мәселегеден сырт қала алмады. Кеше ғана өз басына төнген қауіп, азапты, жалалы жылдар сызы әлі кетпесе де, кеменгер ойшыл Манастың тарих бетінен сызылып қалуына, атадан балаға мұра болып қалып келе жатқан шер халықтың асыл қазынасының келер ұрпаққа жетпей қалуына жол бермеу керектігін бек сезінді. Жылдар бойғы өзінің адал еңбегін ысыра тұрғанымен, халық мәдениетінің, әдебиетінің тарихының, тіпті бүткіл болмысын айғақтайтын асыл қазынасынан айырылып қалайын деп тұрған тұста қарақан басының түскен қауіп пен қатерді ұмыта, Манасқа араша түсті, тәуекел етіп азаматтық батыл қадам жасады. Еткен еңбек, теккен төр бекер болмады, ол - «Манастың» бүткіл түркі жұртының асыл қазынасы ретінде ұрпақ көшіне ілесіуімен дәлелденеді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қоңырбаева Ж. Мұхтар Әуезовтің қырғыз мәдениеті мен әдебиетіне қосқан үлесі. Алматы: Қазақ университеті баспасы. -2017.
2. Айтматов Ш. Әуезовтің шығармашылық мұрасы және қырғыз халқының рухани байлығы. Бішкек: Манас баспасы. -1997.
3. Тілеуберді С. Әуезов және қырғыз эпосы. Қызылорда: Білім баспасы. -2002.
4. Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. 2-басылым. –Алматы. «Білім» -2007.
5. Бектенов З. Мухтар Омарханович Ауэзов. Замандаштарым жөнүндө эскеруу.
6. Байжиев Т.Белгил инсандардың өміруі. -2003.
7. Тілепов Ж. «М. Әуезов және әлем әдебиеті» Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. -2006.

**References:**

1. Қоңырбаева Zh. Мұхтар Әуезовтің қырғыз мәдениеті мен әдебиетіне қосқан үлесі. Алматы: Қазақ университеті баспасы. -2017.
2. Айтматов Sh. Әуезовтің шығармашылық мұрасы және қырғыз халқының рухани байлығы. Bishkek: Manas баспасы. -1997.
3. Tileuberdi S. Әуезов және қырғыз жері. Қызылорда: Bilim баспасы. -2002.
4. Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. 2-басылым. –Алматы. «Билим» -2007.
5. Bektenov Z. Muhtar Omarhanovich Aujezov. Zamandashtarym zhönündө jeskerүү.
6. Bajzhiev T. Belgil insandardyn өmүгү. -2003.
7. Tilepov Zh. «M. Әуезов және әлем әдебиеті» Halyқаралық ғылыми-теорijалық konferenciја materialdary. -2006.

**Автор туралы мәлімет**

**Мұқажанова Раушан Мұратқанқызы**

Лауазымы: Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Alikhan Bokeikhan University»  
Пошталық мекенжайы: 070000, Қазақстан Республикасы, Семей  
Ұялы.тел: 87783204743  
e-mail: [raushan09@mail.ru](mailto:raushan09@mail.ru)

**Сведения об авторе:**

**Муқажанова Раушан Муратхановна**

Должность: Доктор филологических наук, профессор, Alikhan Bokeikhan University  
Почтовый адрес: 070000, Республика Казахстан, Семей  
Сот.тел: 87783204743  
e-mail: [raushan09@mail.ru](mailto:raushan09@mail.ru)

**Information about the author:**

**Mukazhanova Raushan Muratkhanova**

Position: Doctor of philology, professor, Alikhan Bokeikhan University  
Mailingaddress: 070000, Republic of Kazakhstan, Semey  
Mob.phone: 87783204743  
e-mail: [raushan09@mail.ru](mailto:raushan09@mail.ru)